

**Жалпы орта білім беретін мектептердің,
колледждердің және қосымша білім беру
ұйымдарының білім алушылары арасында
ҚР Конституциясының 20 - жылдығына арналған
«Әлем балалардың көзімен» тақырыбында
балалар фото суреттерінің
Республикалық сырттай байқауды өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта білім беретін мектептердің, колледждердің және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында ҚР Конституциясының 20-жылдығына арналған «Әлем балалардың көзімен» тақырыбында балалар фото суреттерінің Республикалық сырттай байқауды (бұдан әрі - Байқау) өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты – білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, фото шығармашылығы құралдары арқылы олардың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру және кәсіби өзін-өзі анықтауындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Байқау міндеттері:

- білім алушыларға еліміздің өткені мен бүгіні үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;
- тәуелсіздік жылдарындағы еліміздің жетістіктерін көрсету және оны насихаттау;
- Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың мәдени мұрасын көпшілікке тарату, талантты балаларды анықтау және оларға қолдау көрсету.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 28 қаңтар мен 1 маусым аралығында** балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес **2015 жылғы 1 маусымға дейін rumcdo.konkurs@mail.ru** электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: +7(7172) 249 306. Көркем-эстетикалық бағыттағы бөлім жетекшісі Асавбаева Рауза Байдрахманқызы.

7. **2015 жылғы 1 маусымнан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды. Қатысушыларға сараптамалық қорытындылар берілмейді.

8. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

9. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін 1000 (мың) теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

Иик KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16

КНП: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы мақсаты: «Әлем балалардың көзімен» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, **rumcdo.konkurs@mail.ru** электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау **2015 жылғы 10 маусымда** жүргізіледі.

Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

12. Байқауға **8-17 жастағы** білім алушылар жас санаттары бойынша қатыса алады:

кіші жастағы санат: 8-10 жас;

орта жастағы санат: 11-14 жас;

жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

«Тарих беттерін парақтау...». Байқауға еліміздің тәуелсіздік жылдарында болған естелік оқиғаларды біріктіретін фотолар коллажы қабылданады.

Келесі талаптарға сәйкес қара және түрлі түсті суретті түсірілімдер қабылданады:

JPEG форматындағы файл, 7 мегапиксельден кем емес бейне аппарат матрицасы;

көркемдік сипаттамалар (идея, композиция, түстік шешім және т.б.)

16. Конкурстық жұмыстың титулдық парағын толтыру реті. Конкурстық жұмыстың титулдық парағында:

- облыс, аудан (қала) немесе ауыл;
- білім беру ұйымының атауы;
- байқаудың және номинацияның аталуы;
- автордың аты-жөні;
- e-mail;

- жетекшісінің аты-жөні;
- жетекшісінің жұмыс орны, қызметтік лауазымы;
- конкурстық жұмыстың жасалынған уақыты көрсетіледі.

17. Байқауға бір немесе екі номинациядағы жұмыстар қабылданады, бірақ қатысушыдан әр номинацияда бір жұмыстан артық болмауы тиіс.

18. «Әлем балалардың көзімен» атты Байқау қорытындысының соңында жеңімпаз қатысушылардың ең үздік жұмыстары www.ziyatker.org сайтында, сондай-ақ «Поэты и писатели» клубының «Әдебиет форумы» бөлімінде жарияланады.

19. Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық www.ziyatker.org сайтында «Поэты и писатели», «Акварель» көркемдік-эстетикалық бағыттағы клубтар қауымдастығының («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) мүшесі болуы тиіс.

20. Байқауды бағалау критерийлері:

байқаудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы;

тақырыптың толық ашылуы;

сурет түсірілімінің көркемдік және техникалық сапасы;

шығармашылық шешімнің кенеттілігі;

сурет сюжетінің түпнұсқалығы.

Бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кез келген түрде кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

3. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

21. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

22. Әрбір номинацияда жас санаттары бойынша жеңімпаздар анықталады. Байқауда жүлделі орындарына ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен және олардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетешілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.